ә) Сізге мына заттарды не үшін ұнайтынын немесе ұнамайтынын айтыңыз .

Үлгі: Маған бұл пальто ұнайды, себебі ол өте жылы.

Маған бұл шалбар ұнамайды, себебі ол қоңыр.

1. Маған бұл ұнайды, өйткені

2. Маған бұл ұнамайды, өйткені

3. Сіздің ойыңызша,?

7. Диалогтарды оқыңыз. Жаңа сөздермен танысыңыз.

а) Мынау – кітап дүкені. Мына жерде кітаптар, сөздіктер, дәптерлер, ал ана жерде ашықхаттар мен кәдесыйлар.

– Айтыңызшы, мынау оқулық па?

– Жоқ, бұл «Алматы» кітабы.

– Қызық кітап па?

– Иә, өте қызықты.

– Бұл кітап қанша тұрады?

– 10 000 теңге.

– О, өте қымбат екен, рақмет.

– Маған ашықхаттарды көрсетіңізші.

– Мінеки.

– Бұл Астана ма?

– Иә, әрине.

– Маған бұл ашықхаттар ұнап тұр.

– Қанша теңге?

– 50 теңгеден.

– Беріңізші.

СӨЗДІК



Ет



Картоп



Сәбіз



Қызанақ



Қияр



Ірімшік



Шұжық



Жұмыртқа



Сүт



Сүзбе



Құлпынай



Банан

8. Оқыңыз. Осы үлгіге қарап, жоғарыдағы заттардың бағасын досыңыздан сұраңыз.

– Нан қанша теңге?

– Қандай? Ақ нан ба?

– Иә, ақ нан.

– 75 теңге / Ақ нан 75 теңге тұрады.

– Балық неше теңге?

– Қандай? Қызыл балық па?

– Иә, қызыл балық.

– 1200 теңге. / Балық 1200 теңге тұрады.

9. Төмендегі кестені толтырыңыз.

№	Көкөністер	Ет өнімдері	Таңертеңгі ас тағамдары	Жемістер
1.				
2.				

10. Төмендегі мәтінді оқыңыз.

Майра ханым түстен кейін сағат үште жұмыстан шығады. Ол азық-түлік алу үшін супермаркетке барады. Супермаркеттен көкөніс, жеміс-жидек және таңертеңгі ас тағамдарын алады.

Майра ханым көкөністерден қызанақ, қияр, орамжапырақ және баклажан алады. Жемістерден алма, банан, шабдалы мен өрік алады. Одан кейін ет өнімдері бөлімінен 1 келі тартылған ет, 1 келі тауық етін алады. Таңертеңгі асқа шұжық пен ірімшік, жарты келі сүзбе мен қаймақ, жұмыртқа алады. Майра ханым балаларына тәттілер алады. Ол қолма-қол төлем түрін таңдады.

11. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- | | |
|---|---------|
| 1. Майра ханым жұмыстан кейін қайда барады? | 1. |
| 2. Майра ханым көкөністерден не алады? | 2. |
| 3. Майра ханым қандай жемістерді алады? | 3. |
| 4. Майра ханым ет өнімдерін алады? | 4. |
| 5. Майра ханым қандай сүт өнімдерін алады? | 5. |
| 6. Майра ханым балаларына не алады? | 6. |
| 7. Майра ханым қандай төлем түрін таңдады? | 7. |

Бақылау сұрақтары

1. Дүкенге жиі барасыз ба?
2. Ет өнімдерін атаңыз.
3. Жемістерді атаңыз.
4. Сүт өнімдерін білесіз бе?
5. Көкөністерді жақсы көресіз бе?
6. Киім атауларын қазақша айта аласыз ба?
7. Сын есімдерге мысал келтіріңіз.

8

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *АУА-РАЙЫ*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Ауыспалы келер шақ*

1. Фонетикалық жаттығу

а) *н – ң*

он – оң

шын – шың

ұн – мұң

ж – ш

жас – шаш

жар – шар

жақ – шақ

г – г

гүл – ғұмыр

гүлім – ғылым

гөй – ғой

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Соңғы сөйлемді есте сақтаңыз, жазып алыңыз.

Әдемі қыз \Rightarrow

Мына әдемі қыз \Rightarrow

Маған мына әдемі қыз ұнайды.



Ұнай ма? ⇨

Сізге ұнай ма? ⇨

Сізге саябақ ұнай ма? ⇨

Сізге мына саябақ ұнай ма? ⇨

Сізге мына үлкен саябақ ұнай ма? ⇨

Сізге мына үлкен Алматы саябағы ұнай ма?



Туған өлке ⇨

Менің туған өлкем ⇨

Мынау менің туған өлкем ⇨

Өйткені мынау менің туған өлкем ⇨

Маған Алматы ұнайды, өйткені ол менің туған өлкем.



ГРАММАТИКА

Ауыталы келер шақ

Етістік + а, е, й + жіктік жалғау

Мысалы: жаз+а+ды, айт+а+ды

толығырақ қосымшадан қараңыз).

СӨЗДІК



Күн ашық



Күн бұлтты



Күн жаңбырлы



Нөсер



Найзағай



Тұман

Жел – дауыл

Жылы – ыстық – өте ыстық

Қоңыр салқын – суық – өте суық

Қар – қалың қар

3. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

<i>Апта күндері</i>	<i>Жыл мезгілдері</i>
1. Дүйсенбі	1. Қыс
2. Сейсенбі	2. Көктем
3. Сәрсенбі	3. Жаз
4. Бейсенбі	4. Күз
5. Жұма	
6. Сенбі	
7. Жексенбі	
<i>Жыл он екі ай</i>	
1. Қаңтар	7. Шілде
2. Ақпан	8. Тамыз
3. Наурыз	9. Қыркүйек
4. Сәуір	10. Қазан
5. Мамыр	11. Қараша
6. Маусым	12. Желтоқсан

ТЫҢДАЛЫМ-ОҚЫЛЫМ

4. Төмендегі диалогты оқыңыз.

- Сәлем, Есра!
- Сәлем, Айжан! Қалайсың?
- Рақмет, жақсымын, өзің қалайсың?
- Жаман емес. Мен Түркияның Ван қаласынан келдім. Бізде ауа-райы өте ыстық, ал Алматыда ауа-райы – өте салқын.
- Иә, Есра, Алматы – Алатаудың етегінде орналасқан. Сондықтан қыста суық болады. Жылы киініп жүр.
- Жарайды. Көріскенше!
- Сау бол.

5. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бүгін ауа-райы қандай? 1.
2. Қазір жылдың қай мезгілі? 2.
3. Сізге қай мезгіл ұнайды? 3.
4. Сізге қыс ұнай ма? 4.
5. Сіз жаз мезгілін ұнатасыз ба? 5.
6. Сізге қандай ауа райы ұнайды? 6.

6. Төмендегі мәтіндерді оқыңыз.



Асқар қыс мезгілін жақсы көреді, өйткені ол қыста шаңғы, коньки тепкенді ұнатады.

Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Абай Құнанбаев



Қазір Әсем саябаққа бара жатыр. Ол саябақта серуендегенді жақсы көреді. Күзде жапырақтар қызыл, жасыл, сары болады.

Күз айлары – Қыркүйек, Қазан, Қараша. Күзде күн суытады. Тұман түседі. Ағаштардың жапырағы сарғайып, жерге түседі. Күзде жемістерді, көкөністерді жинап алады. Құстар жылы жаққа ұшадy. Күндіз жылы, түнде салқын болады. Күзде күн салқын болады. Бірақ Әсем күз мезгілін ұнатады.



Қыста күн өте салқын, сондықтан Айбарға қыс мезгілі ұнамайды. Ол көктемді жақсы көреді. Көктемде күн жылы болғандықтан, саябақта серуендеуге болады.

Көктем

Қар еріді, күн жылынды
Көктем келді алақай!
Мәз болады, жүгіреді
Қуанады балақай!

Майра Онбаева



Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жаз айларында күн ысып, жеміс-жидектер піседі. Жазда әрбір адамның көңілі көтеріңкі болады. Себебі, жеңіл киініп, түрлі жеміс жеп, өзен – көлдерге шомылады. Студенттер мен оқушылар жазғы демалыс кезінде ата-аналарының қасында болып, оларға көмектеседі.

7. Диалогтарды тыңдаңыз.

а)

- Бүгін ауа-райы қандай керемет!
- Айжан, бүгін саябаққа барайықшы.
- Жарайды, Ерсұлтан.
- Онда мен сені саябақта күтемін.

- Сәлем, Жансая, бұл жерде не істеп тұрсың?
- Мен Сымбатты күтіп тұрмын. Ал сен ше?
- Серуендеп жүрмін.

ә) Досыңызбен кездесу туралы келісіңіз. Қай жерде күтетініңізді айтыңыз.

ЖАЗЫЛЫМ

8. Төмендегі сөйлемдерді жазыңыз.

1. Алматыда жаңбыр жиі жауады. 2. Түркістанда жаз өте ыстық. 3. Астанада қыс өте ұзақ болады. 4. Бүгін күн бұлтты. 5. Қостанай, Көкшетау қалаларында қыста қар қалың болады. 6. Көктемде күн құбылмалы болады.

9. Жақша ішіндегі етістіктерді ауыспалы келер шақта жазыңыз.

1. Мен ертең театрға (бар)..... 2. Сен жазда ауылға (бар)
..... 3. Сіз қазақ тілі сабағына (қатыс)
4. Ол қазір автобусқа (мін) 5. Біз шай (іш)
6. Сендер емтихан (тапсыр)..... 7. Олар университетке (кел)

Бақылау сұрақтары

1. Бүгін ауа-райы қандай?
2. Ауыспалы келер шақ қалай жасалады?
3. Ауыспалы келер шаққа мысалдар келтіріңіз.
4. Жыл мезгілдерін атаңыз.
5. Маусм айларын қазақша айтыңыз.
6. Қыс мезгілін сипаттаңыз.
7. Жаз мезгілін сипаттаңыз.
8. Қыс мезгілі туралы не айта аласыз?
9. Көктем сізге ұнай ма?

9

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *МЕН ҚАЗАҚША БІЛЕМІН*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Жедел өткен шақ*

ФОНЕТИКА

1. Фонетикалық жаттығу

а) тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Қазақ тілі

- қазақша оқимын.

Түрік тілі

- түрікше жазамын.

Орыс тілі

- орысша түсінемін.

Ағылшын тілі

- ағылшынша сөйлеймін.

ә)

Қазақстан

Түркия

қазақ

түрік

қазақша

түрікше

қазақша сөйлеймін

түрікше оқимын

қазақ тілін үйреніп жүрмін

түрік тілін үйреніп жүрмін

Ресей

Англия

орыс

ағылшын

орысша жазамын


ағылшынша жазамын

орыс тілін білемін

ағылшын тілін білемін

ТЫҢДАЛЫМ-ОҚЫЛЫМ

2. Оқыңыз.



Сумейра Дурсун қазақша оқи алады. Айару Балтабай түрікше жаза алады. Шифа мен Хусейн ағылшынша және французша оқи алады. Еркін түрікше де, французша да, ағылшынша да білмейді.

3. Диалогтарды тыңдаңыз.

а)

- Сұлтан, сен түрікше жаза аласың ба?
- Иә, жаза аламын.
- Жақсы жазасың ба?
- Жоқ, әлі онша емес.
- Сұлтан, сенің ана тілің – қазақ тілі ме?
- Иә, әрине.
- Ендеше, сен қазақша жақсы оқисың әрі жақсы жаза аласың ғой, иә?
- Әрине.
- «Sport» сөзі қазақша қалай жазылады?
- Спорт.

ә) *Досыңыз қазақша қалай жазатынын, оқитынын сұраңыз.*

Үлгі: – Айтыңызшы, «.....» сөзі қазақша қалай жазылады?

ОҚЫЛЫМ-СӨЙЛЕСІМ

б) *Сұрақты түсінбесеңіз, қалай жауап бересіз?*

Үлгі: – Айтыңызшы, мынау Абай даңғылы ма?

- Кешіріңіз, мен қазақша жақсы білмеймін. Сұрағыңызды қайталайсыз ба?
- Кітапхана қай көшеде орналасқан?
- Кешіріңіз, мен шетелдікпін. Алматыны әлі дұрыс білмеймін.

4. Жіктік жалғауын жалғаңыз.

- | | |
|---------------------------|-------------------------------|
| 1. Мен қазақша түсінемін. | 2. Мен ағылшынша түсінбеймін. |
| Сен | Сен |
| Сіз | Сіз |
| Ол | Ол |
2. Таңертең мен үйден тамақтанамын. 3. Мен Алматыда тұрамын. 4. Кешке мен шахмат ойнаймын.

5.

а) *Сіз осындай диалогтарға қатыса аласыз. Іске сәт!*

- Салтанат, не істеп жатырсың?
- Ешнәрсе, демалып отырмын.
 - Димаштың қайда екенін кім біледі?
 - Мен білемін. Ол стадионда футбол ойнап жатыр.
- Сенің ата-анаң қайда тұрады?
- Олар Измирде тұрады.



ә) Диалогтарды тыңдаңыз. Кім қазақша, түрікше, ағылшынша сөйлейтінін айтыңыз.

– Айтыңызшы, Дана қазақша сөйлей ала ма?

– Әрине, қазақ тілі – оның ана тілі ғой.

– Бану, сен түрікше сөйлей аласың ба?

– Иә, мен түрікше аздап сөйлей аламын.

– Ал, ағылшынша ше?

– Жоқ, сөйлей алмаймын.

– Ағылшынша кім сөйлей алады?

– Ағылшынша ешкім сөйлей алмайды.


ГРАММАТИКА

Жедел өткен шақ


Етістік + ды, ді, ты, ті + жіктік жалғау

Мысалы: бар+дым, бар+ды+ң, бар+ды

(толығырақ қосымшадан қараңыз).



6. Оқыңыз.



– Сен кеше не істедің?

– Жұмыс істедім.



– Кеше не істедіңіздер?

– Футбол ойнадық.



– Сәрсенбіде не істедіңіз?
– Кітап оқыдым.




– Жексенбіде не істедіңіз?
– Велосипед тептім.

7. Мына адамдар қай жерде және не істеп отырғанын айтыңыз.



1.



2.



3.



4.

Үлгі: 1. Азамат қазір университетте. Ол осы университетте оқиды.

Былтыр Өмер Түркияда тұрды.
Ал биыл ол Қазақстанда тұрады.

Былтыр Өмер лицейде оқиды.
Ал биыл университетте оқиды.

Былтыр Өмер тек түрікше сөйледі.
Ал биыл ол біраз қазақша сөйлейді.

а) Өзіңіз туралы айтыңыз: Былтыр мен, ал қазір

б) Өткен шақта қалай айтар едіңіз?

Қазір Айман хат жазып отыр.

Менің ағам биыл университетте оқиды.

Қазір студенттер дәріс тыңдап отыр.

Менің достарым саябақта қыдырып жүр.

Менің әпкем маған күнделікті телефон соғады.

в) Диалогтарды тыңдаңыз, не білгеніңізді айтыңыз. Досыңыздан қай жерде тұрғанын, қайда оқығанын, не істегенін сұраңыз.

– Ақбаян, сен бұрын қай жерде тұрдың?

– Мен Шымкентте тұрдым.

– Ал сенің отбасың ше?

– Менің отбасым бұрын Шымкентте тұрды, ал қазір менімен бірге Алматыда тұрады.

– Димаш, сен былтыр түрікше оқыдың ба?

– Иә.

– Түрікше жақсы білесің бе?

– Биыл түрікше жақсы білемін.

8. Мәтінді оқыңыз. Айгүл, Есра, Себиха, Сұлтан және Мұстафаның кеше не істегенін айтыңыз.

а)

Кеше кешке студенттер демалды. Айгүл музыка тыңдады. Есра хат жазды. Себиха теледидардан қызықты кино қарады. Мұстафа мен Сұлтан стадионда футбол ойнады.

ә) Досыңыздан кеше не істегенін сұраңыз.

9. Диалогты тыңдаңыз. Әсем таңертең, түсте, кешке не істегенін айтыңыз.

– Әсем, сен кеше қайда болдың?

– Таңертең университетте болдым.

– Ал түсте ше?

– Түскі асымды ішіп, кітапханаға бардым.

– Үй жұмысын орындадың ба?

– Иә, үй тапсырмасын орындадым.

10. Төмендегі үлгі бойынша сөйлесіңіз. Берілген етістіктерді пайдаланыңыз.

Үлгі: – Ақбота, сен кеше қайда болдың?

– Үйде. / Мен үйде болдым.

– Тамақ пісірдім, сосын демалдым.

кітапхана – кітап оқу

стадион – футбол ойнау

саябақ – серуендеу, демалу

үй – теледидар қарау, кітап оқу

дүкен – азық-түлік алу, түскі ас әзірлеу

11. Досыңыздан сабақта (дәрісте, үйде, университетте) не үшін болмағанын сұраңыз.

- Үлгі: – Аян, сейсенбіде дәрісте болдың ба?
– Жоқ, болмадым.
– Неге?
– Мен ауырып қалдым. Емханаға бардым.

Бақылау сұрақтары

1. Жедел өткен шақ қалай жасалады?
2. Жедел өткен шақта досыңызбен сөйлесіңіз.
3. Сіз қазақша жақсы білесіз бе?
4. Былтыр қайда болдыңыз?
5. Биыл сіз студентсіз бе?
6. Болашақта кім болғыңыз келеді?

10

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТ*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: «Ал» *етістігі*

Фонетикалық жаттығу

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а) жаңа сөздерді қайталаймын
музыка тыңдаймын
фильмдер көремін

фильм көргенді жақсы көремін
тамақ пісіргенді жақсы көремін

университетте оқимын
қазақ тілін үйреніп жүрмін
қазақша біраз сөйлеймін

ГРАММАТИКА

«Ал» етістігі адамның бір әркетті істеуге шамасы жететінін білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *Мен қазақша жаза аламын.*

Болымсыз етістіктің қосымшасы «ал» етістігіне жалғанады. Мысалы: *Мен жаза алмаймын.*

ә) берілген сөздермен сөйлем құраңыз. Жанына болымсыз түрін жазыңыз.

1. Мен сөйлей / ал.
2. Біз / оқи / ал.
3. Олар жаза / ал / ма?
4. Сіз базарға бара / ал / ба?
5. Ол маған көмектесе / ал / ма?

ЛЕКСИКА

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Соңғы сөйлемді есте сақтаңыз, дәптерге жазыңыз.

Інім оқиды ⇨

Менің інім оқиды ⇨

Менің інім университетте оқиды ⇨

Менің інім Айбар университетте оқиды.

Жақсы көресіз бе? ⇨

Кино көргенді жақсы көресіз бе? ⇨

Сіз кино көргенді жақсы көресіз бе? ⇨

Сіз қазақ киносын көргенді жақсы көресіз бе? ⇨

Сіз қолыңыз бос кезде қазақ киносын көргенді жақсы көресіз бе?

Дәріхана қайда?

– Кешіріңіз, дәріхана қай жерде?

– Міне, оң жақта.

Ағаң қайда?

– Айбар, ағаң қайда?

– Ол осында.

– Университет қай жерде?

– Міне, сол жақта.

– Мынау сенің досың ба?

– Жоқ, бұл – менің ағам.

Асхана қайда?

– Кешіріңіз, асхана қай жерде?

– Міне, сол жақта.

Майра қайда?

– Аман, Майра қайда?

– Ол үйде.

– Ал анау жатақхана ма?

– Иә, ол – жатақхана.

– Халің қалай?

– Жақсы, рақмет.

ОҚЫЛЫМ-СӨЙЛЕСІМ

3. Сіз диалогқа қатыса аласыз. Сөйлесіңіз.

– Сәкен, сен қай жерде оқисың?

– Университетте.

– Университет қай жерде орналасқан?

– Қаскелеңде.

- Жанат, сіз қазір қай жерде тұрасыз? Жатақханада ма?
- Иә, жатақханада.
- Жатақхана қай жерде орналасқан?
- Абылай хан көшесінде.
- Ғазиза, қолың бос кезде не істейсің?
- Саябақта серуендеймін. Ал сен ше?
- Мен кітап оқығанды жақсы көремін.

ТЫҢДАЛЫМ-ОҚЫЛЫМ

4. Қалай ойлайсыз, бұл адамдар қай жерде?

- Айтыңызшы, 10-үй қай жерде орналасқан?
- Әне, сол жақта.
 - Ертең бақылау жұмысы.
 - Жаңа сөздер мен грамматиканы қайталаңыз.
- Не пісіріп жатырсың?
- Мен балық қуырып жатырмын.
- Тамаша!
 - Сен не істеп отырсың?
 - Футбол қарап отырмын.

5. Оқыңыз.



а) Мынау – Қаскелең тас жолы. Жолдың сол жағында біздің университет, ал оң жағында Қарасай батыр ескерткіші орналасқан.

ә) Сулейман Демирел Университетін 1996 жылы 17-желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Президенті **Н.Ә.Назарбаев** пен Түркия мемлекетінің Президенті **Сулейман Демирел** ашты.

Университетте 4 факультеттің дәрістері ағылшын және қазақ тілдерінде жүргізіледі. Төрт факультет жиырма төрт сала бойынша мамандар даярлайды.

Біздің университет Қазақстандағы сапалы білім беретін университеттердің бірі.

б) Сулейман Демирел университеті Қаскелеңде орналасқан. Университет Абылай хан даңғылының бойында орналасқан. Аялдама университеттің алдында. Қаскелеңге жүретін барлық автобустар университет жанынан өтеді. Университет Қаскелең қаласына кіре берісте орналасқан.

6. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. СДУ қай жылы ашылды?
2. Университетті кімдер ашты?
3. Университетте неше факультет бар?
4. Университет қайда орналасқан?

7. Төмендегі диалогты оқыңыз.

Мынау – біздің кітапхана. Күні бойы бұл жерде студенттер отырады. Міне, кітаптар. Оң жағында оқулықтар мен сөздіктер, ал сол жағында газеттер мен журналдар.

- Сәлеметсіз бе?
- Мынау «Қазақ тілі» оқулығы ма?
- Беріңізші.
- Менің аты-жөнім Өмер Фарук Өз.
- Рақмет.

- Сәлеметсіз бе?
- Иә.
- Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Мінеки, оқулығыңыз.

ЖАЗЫЛЫМ

8. Сұрақ қойыңыз.

-?
- Бұл – біздің университет.
-?
- Сабақ ертең.
-?
- Бұл – менің ағам.
-?
- Дүкен оң жақта.
-?
- Иә, Ақбота үйде.
-?
- Жарайды.
-?
- Бакберген жұмыста.

-?
- Мынау – театр.
-?
- Бұл – біздің оқытушы.
-?
- Ақбота үйде.
-?
- Дәріхана сол жақта.
-?
- Университет сол жақта.
-?
- Рақмет, жақсы.
-?
- Сабақ ертең.

9. Жауап беріңіз.

- Сәлеметсіз бе?
-?
- Сау болыңыз!
-?
- Рұқсат па?
-?
- Сәлеметсіз бе!
-?
- Мынау сенің сөмкең бе?
-?
- Сенің сөздігің қайда?
-?

- Халің қалай?
-?
- Рақмет!
-?
- Кешіріңіз!
-?
- Кешкісін хабарласыңыз.
-?
- Анау не?
-?
- Халің қалай?
-?

10. Төмендегі диалогты оқыңыз.

А: Кешіріңіз, айтыңызшы, Сулейман Демирел университеті қай жерде?

Ә: Сүлейман Демирел университеті Қаскелеңде.

А: Ол жерге дейін жаяу бара аламын ба?

Ә: Жоқ, жаяу баруға алыс.

А: Түсіндіріп жіберіңізші.

Ә: Әрине, анау аялдамадан 31-інші автобуска мініп, «Алтын Орда» аялдмасынан түсесіз. Сол жерден Қаскелеңге қарай жүретін көліктерге мінісіз, олар университет жанындағы аялдамадан тоқтайды.

А: Көп-көп рахмет.

Ә: Оқасы жоқ.

(15 минуттан кейін) «Алтын Орда аялдмасында.

А: Кешіріңіз, бұл жерден Сулейман Демирел университетіне қалай баруға болады?

Ә: Өте оңай. Мынау аялдамада барлық автобустар Қаскелеңге барады. Кез келген автобуска мінсеңіз, тез жетесіз.

А: Рақмет!

Ә: Арзымайды. Жолыңыз болсын!

11. Оқыған диалогыңызға қарап, сіз де досыңыздан университетке қалай жеткенін сұраңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Оқыған университетіңіз жайлы айтыңыз.
2. Қай жылы ашылды?
3. Қанша факультет бар?
4. Дәрістер қай тілдерде жүргізіледі?
5. Университет кітапханасы қандай?
6. «Ал» етістігіне мысалдар келтіріңіз.
7. Сізге СДУ ұнай ма?

11

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *МЕНИҢ ЕЛІМ*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Ілік септігі*

ТЫҢДАЛЫМ-ОҚЫЛЫМ

1. Тыңдаңыз. Қайталаңыз. Оқыңыз.

а)

менің елім
менің өлкем

ә)

Түркия – менің елім.
Анкара – менің өлкем.



– Мынау менің елім – Қазақстан.
Ал сіздің еліңіз қай жерде?



– Міне, мынау менің елім – Түркия.
Ал мынау менің туған өлкем – Анкара.

2. Төмендегі мемлекеттердің атын қазақша жазыңыз.



1



7



2



8



3



9



4




10



5



11



6



12

3. Төмендегі сөйлемдерді оқыңыз.

1. Лондон – Англияның астанасы (елордасы).
2. Вашингтон – АҚШ астанасы (елордасы).
3. Париж – Францияның астанасы (елордасы).
4. Бейжін – Қытайдың астанасы (елордасы)
5.
6.

7.
8.
9.
10.
11.
12.

4. Суреттерге қараңыз. Оқыңыз.

Астана – елорда.
Анкара да елорда.

«Астана» – қонақ үй.
«Анкара» да қонақ үй.



«Астана» қонақ үйі



«Анкара» қонақ үйі



«Қазақстан» қонақ үйі



Астана – Қазақстанның елордасы



Анкара – Түркияның елордасы

5. Төмендегі диалгтарды оқыңыз.



– Сен мынау қандай қала екенін білесің бе?
– Бұл ежелгі қала – Түркістан.



– Мынау Алматы ма? Бұл қандай даңғыл?
– Бұл – Әл Фараби даңғылы.



– Мынау не?
– Бұл – Босфор бұғазы.

6. Мәтінді оқыңыз.

Қазақстан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан. Оңтүстігінде Өзбекстан, Қырғызстан, солтүстігінде және батысында Ресей, Түркменстан, шығысында Қытай сияқты бес мемлекетпен шектеседі. Қазақстанда 14 облыс пен 86 қала бар. Қазақстанның елордасы – Астана қаласы. Қазақстан Республикасының президенті – Нұрсұлтан Назарбаев.

7. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.


- | | |
|--|---------|
| 1. Сіздің еліңіз қай материкте орналасқан? | 1. |
| 2. Қандай мемлекеттермен шектеседі? | 2. |
| 3. Неше облыс пен қала бар? | 3. |
| 4. Астанасы қай қала? | 4. |
| 5. Президенті кім? | 5. |

8.

а) Суреттерге қараңыз. Суретке сәйкес жазуды оқыңыз.



1



2



3



4



5



6




7

Медеу мұз айдыны. (1)
Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. (2)
Бәйтерек. (3)
Ақ орда. (4)
«Қазақстан» қонақ үйі. (5)
Қарасай батыр ескерткіші. (6)
Шарын каньоны. (7)


9. Оқыңыз.

а) Сіз ол адамды білсеңіз қалай жауап бересіз?



Мен ол адамның кім екенін білемін.

б) Ол адамды білмесеңіз қалай жауап бересіз?



Мен оның кім екенін білмеймін.

ө) Қандай сұрақ қоясыз?

–?

– Иә, Әлия театрдың қайда екенін біледі.

–?

– Жоқ, мен сабақтың қашан екенін білмеймін.

–?

– Жоқ, Ахмет оның кім екенін білмейді.

–?

– Иә, бұл қалам кімдікі екенін біледі.

10. Суреттерге қараңыз, Оқытушыдан олардың кім екенін сұраңыз.



Абай
Құнанбаев



Қажымұқан
Мұңайтпасов



Шәмші
Қалдаяқов



Әбілхан
Қастеев



Роза
Рымбаева



Айман
Мұсаходжаева



Жақсылық
Үшкемпіров



Нұржамал
Үсенбаева

а) Досыңызға бұл адамдардың кім екенін айтыңыз.

Қазақтың ұлы ақыны –

Қазақтың тұңғыш Олимпиада чемпионы, Грек-рим күресінің палуаны –

.....

Қазақтың тұңғыш кәсіпқой палуаны –
 Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы –
 Қазақтың ұлы сазгері –
 Қазақ эстрада әншісі –
 Қазақ опера әншісі –
 Скрипкашы, «Әлем артисі» (Юнеско,1998) –

11. Оқыңыз.



Мынау – Алматы.
 Бұл – әдемі қала.

Мынау қандай ғимарат?



Бұл – Көктөбе.
 Ол 1070 метр биіктікте орналасқан.

Мынау қандай ғимарат?



Бұл – Республика сарайы.
 Бұл – орталық мәдени ғимарат.



Бұл – ҚР Мемлекеттік орталық музейі.
 Орталық Азиядағы ең ірі музейлердің бірі.

12. Досыңыздан мынау қандай вокзал (кітапхана, вокзал, трпеа, ескерткіш) екенін сұраңыз.

Үлгі: – Бұл қандай вокзал?
 – Бұл «Алматы-1» вокзалы.



Бақылау сұрақтары

1. Ілік септігінің жалғауларын атаңыз.
2. Қазақстан қайда орналасқан?
3. Қазақстан қандай мемлекеттермен шектеседі?
4. Қазақстанда қай материкте орналасқан?
5. Қазақстанда неше облыс пен қала бар?
7. Сіз Алматы туралы не білесіз?
8. Қазақтың ұлы ақыны кім?
9. Қазақтың кәсіпқой палуанын білесіз бе?
10. Шәмші Қалдаяқов деген кім?
11. Айман Мұсаходжаеваны білесіз бе?
12. Роза Рымбаеваны танысыз ба?
13. «Абай» ескерткішін көрдіңіз бе?
14. Қазақстанның елордасы қай қала?
15. ҚР Президенті кім?

12

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *МЕНИҢ СҮЙІКТІ ІСІМ*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Септік жалғау*

1. Мәтіндерді оқыңыз.



Бұл – Алматы. Мен Алматыда тұрамын. Мен Алматыны жақсы білемін және бұл қаланы жақсы көремін.



Бұл – Түркістан. Мен Түркістанда тұрамын. Мен Түркістанды жақсы білемін және бұл қаланы жақсы көремін.

Менің атым – Әсел. Менің досым – жас ақын. Ол көбінесе түнде өлең жазады. Таңертең ол маған телефон шалып, өлеңдерін оқиды. Мен оның жаңа өлеңдерін тыңдаймын және оларды қайталаймын. Маған досымның жазған өлеңдері ұнайды.

Алтынай Алматыны жақсы біледі, себебі ол осы жерде университетте оқиды. Ол ағылшын және түрік тілдерін жақсы көреді. Қазір ол анасына хат жазып отыр, өйткені Алтынай анасын қатты сағынды.

Бақберген Балтабайұлы банкте жұмыс істейді. Күнде таңертең ол «Айқын» газетін оқиды. Ол бұл газетті оқығанды ұнатады. Бақбергеннің ойынша, ол өте қызықты.

Ғазиза күнделікті таңертең қазақ радиосынан жаңалықтарды тыңдағанды ұнатады. Қазақ радиосынан қазақтың тамаша әндері мен күйлерін, термелерін тыңдағанды жақсы көремін.

а) Әсел, Алтынай, Бақберген, Ғазиза туралы білгіңіз келсе, қандай сұрақтар қоясыз?

2. Диалогтарды тыңдаңыз. Абдулла Шимшир қазақ радиосын тыңдай ма? Неге? Айтыңыз.

а)

– Абдулла, сіз қазақ радиосын тыңдайсыз ба?

– Жоқ, тыңдамайын.

– Неге?

– Себебі мен қазақша әлі жақсы түсінбеймін.

– Димаш, не істеп отырсың?

– Футбол көріп отырмын. Өте қызықты ойын болып жатыр.

– Кімдер ойнап жатыр?

– Қарағандының «Шахтёр» командасы мен Шотландияның «Селтик» командасы.

– Ендеше, бірге қарайык!

ә) Достарыңыздан радиодан жаңалықтарды, музыканы тыңдайды ма, теледидардан фильм, футбол қарай ма сұраңыз.

3. Оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

а) Әсем қазақ әндерін жақсы көреді. Ол қазақ әндерін жиі тыңдайды. Ал сіз ше?

Айқын театрды жақсы көрмейді. Ол опера театрына көп бармайды. Ал сіз ше?

Ақбота мен Мақсат киноны жақсы көреді. Олар теледидардан күнде фильмдер қарайды. Ал сіз ше?

Жанар мен Жасұлан детективтерді жақсы көреді. Олар күнде детективтер оқиды. Ал сіз ше?

Күнсұлу өлең оқығанды жақсы көреді. Ол өлеңдерді жиі оқиды, кейбір өлеңдерді жатқа оқиды. Ал сіз ше?

күнде жиі кейде әдетте әрқашан ешқашан

Менің досым теледидардан сериал қарағанды жақсы көреді. Ал сіздің досыңыз ше?

Менің құрбым саябақта қыдырғанды жақсы көреді. Ал сіздің досыңыз ше?

Мен саябақта қыдырғанды ұнатпаймын. Ал сіз ше?

Менің әжем тамақ пісіргенді ұнатады. Ал сіздің әжеңіз ше?

Менің ағам музыка тыңдағанды жақсы көреді. Ал сіздің ағаңыз ше?

ә) Досыңызға театр (музыка, кино, детектив) ұнай ма сұраңыз.

4. Мәтінді оқыңыз.

Бүгін жексенбі. Демалыс күні. Әкем «Спорт» газетін оқып отыр. Ол спортты, әсіресе футболды жақсы көреді. Оның ең сүйікті командасы «Қайрат». Әкем «Қайрат» командасын жақсы біледі, себебі оның жақын досы осы командада ойнайды.

Анам қолы бос кезде тамақ пісіргенді ұнатады. Бүгін ол бізге ет асып жатыр. Ол біздің отбасымыздың сүйікті тағамы. Үйге келгендердің барлығы менің анамды тағамды өте жақсы пісіреді дейді. Анам театрға барғанды да жақсы көреді. Ол театрға барып, спектакльдерді жиі көреді.

Әжем күнде теледидар қарайды. Ол сериалдарды көргенді ұнатады. Ал менің ойымша, сериалдар өте ұзақ әрі қызықсыз болады.

Менің ағам жаңа детективті оқып жатыр. Бос кезінде кітап оқығанды өте жақсы көреді. Оның бөлмесінде үлкен кітапхана бар. Оның ойынша, кітап – адамның ең жақсы досы.

Ал менің ең жақын досым – компьютер. Мен компьютерде ойнағанды жақсы көремін. Жексенбі күнін де жақсы көремін, себебі ол күні отбасымызбен үйде боламыз.

ә) Жауап беріңіз: Бүгін қай күн? Өз отбасы туралы кім әңгімелеп отыр? Сіз оның есімін білесіз бе? Қолы бос кезде әкесі, анасы, әжесі, ағасы не істегенді жақсы көреді?

5. Оқыңыз. Салыстырыңыз.

Мен Қазақстанда оқимын, сондықтан мен қазақ тілін үйреніп жүрмін.

1, сондықтан **2**

Абдуллаһ Алматыны жақсы білмейді, себебі ол Алматыға жақында келді.

Абдуллаһ Алматыға жақында келді, сондықтан ол Алматыны жақсы білмейді.

Хусейн футболды жиі ойнайды, себебі ол спортты жақсы көреді.

Хусейн спортты жақсы көреді, сондықтан ол футболды жиі ойнайды.

6. *А және Б бөліктерін қосыңыз, мағынасына қарай А....., сондықтан Б нұсқасын таңдаңыз.*

А

Мен музыканы жақсы көремін,
Есра қазақ тілін жақсы біледі,
Менің інім әлі кішкентай,
Біздің отбасымыз өте тату,
Алтынай мейрамханаларды ұнатпайды,

Б

ол үйде тамақтанады.
ол мультфильмдерді жиі қарайды.
қазақша кітап оқығанды жақсы көреді.
күнде музыка тыңдаймын.
біз демалысты бірге өткіземіз.

Бақылау сұрақтары

1. Сіз нені жақсы көресіз?
2. Күнде теледидар қарайсыз ба?
3. Жиі ауырасыз ба?
4. Әдетте ерте тұрасыз ба?
5. Бүгінгі сабақ ұнады ма?
6. Бүгінгі сабақта не өттіңіз?

13

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Қалау рай*

ЛЕКСИКА

1. Тақырыптық қатарды жалғастырып жазыңыз.

Отбасы: әке, ана,

Университет: студент,

Мамандық: оқытушы.....

Қала: көше,

2. Кім жылдам?

а) бос орынды толтырыңыз. Тігінен жазылған сөзді кім жылдам оқиды?

өше

біл м

а а

аялд ма

ә ке







дәрі ана

қал м

на

ан

ә) суреттерге қарап, кроссвордты шешіңіз. Тігінен жазылған сөзді кім жылдам оқиды?

1.		2.		1.	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
3.		4.		2.	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
5.		6.		3.	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
				4.	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
				5.	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
				6.	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

б) Керекті әріпті жазыңыз. 7 түрлі сөз шықты. Оқыңыз.

дүке ауры әйтү ек шк рімші өйлек

3. Соңғы сөйлемді жазыңыз.

б) кітап → сіздің кітабыңыз → кітабыңызды беріңізші → кітабыңызды маған беріңізші

елорда → біздің елорда → мынау – біздің елорда → мынау біздің елорда – Астана

менің өлкем → менің туған өлкем → бұл – менің туған өлкем → бұл менің туған өлкем – Түркістан.

4. Мәтінді тыңдаңыз. Отбасының қазір қай жерде екенін айтыңыз.

Сәлеметсіздер ме? Менің есімім – Жансая. Мен – студентпін. Менің туған өлкем – Алматы қаласы. Ал мынау – менің отбасым. Міне, менің ата-анам. Мынау – менің анам. Оның аты-жөні – Сәуле Жорабекқызы. Ол – мұғалім. Ал мынау менің әкем. Оның аты-жөні – Қайрат Тұрғанбекұлы. Менің әкем – заңгер. Қазір біз отбасымызбен үйдеміз.

а) Мәтінді тағы да бір рет тыңдаңыз. Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Жансая		студент спортшы журналист	3. Оның анасы		дәрігер мұғалім үй шаруасындағы әйел
-----------	--	---------------------------------	---------------	--	--

2. Оның туған өлкесі

Астана
Алматы
Түркістан

4. Оның әкесі

заңгер
тігінші
кәсіпкер

5. Диалогтарды оқыңыз.

а)

- Кешіріңіз, мынау кім?
- Бұл – менің ағам.
- Ол кім?
- Ол – студент.

- Айтыңызшы, мынау кім?
- Ол – менің әпкем.
- Ол кім? Студент пе?
- Жоқ, ол – мұғалім.

ә)

- Мынау кім?
- Бұл – менің әкем.
- Ол кім?
- Ол – инженер.

- Мынау кім?
- Бұл – менің әкем.
- Ол кім?
- Ол – дәрігер.

б)

- Мыналар кімдер?
- Бұлар менің достарым.
- Олар кімдер?
- Олар – студенттер.

- Мынау сенің досың ба?
- Иә.
- Ал ол кім? Журналист пе?
- Жоқ, ол – студент.

в)

- Арман, сенің әкеңнің мамандығы кім?
- Ол – заңгер.
- Ал анаң ше?
- Ол – мұғалім.

СӨЗДІК



мұғалім



дәрігер



журналист



инженер



студент



фотограф



оқушы



заңгер



суретші



аспаз



тігінші

6. Төмендегі сөйлемдерді оқыңыз. Өз тіліңізге аударыңыз.

1. Мен мұғалім болғым келеді.
2. Сумейра тіс дәрігері болғысы келеді.
3. Фарук ғарышкер болғысы келеді.
4. Салтанат ғалым болғысы келеді.
5. Алтынсары әнші болғысы келеді.
6. Нұрсұлтан полиция қызметкері болғысы келеді.
1. Айнұр шай ішкісі келеді.
2. Айше кітап оқығысы келеді.
3. Сұлтан музыка тыңдағысы келеді.
4. Омер театрға барғысы келеді.
5. Себиха университетке барғысы келеді.
6. Сумейе базарға барғысы келеді.

7. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Болымды

1. – Сенің мұғалім болғың келе ме?
– Иә, менің мұғалім болғым келеді.
2. – Сенің тіс дәрігері болғың келе ме?
– Иә,
3. Сіздің суретші болғыңыз келе ме?
– Иә,

Болымсыз

1. Сенің мұғалім болғың келе ме?
– Жоқ, менің мұғалім болғым келмейді.
2. – Сенің тіс дәрігері болғың келе ме?
– Жоқ,.....
3. Сіздің суретші болғыңыз келе ме?
– Жоқ,

4. Сіздің құрылысшы болғыңыз келе ме? 4. Сіздің құрылысшы болғыңыз келе ме?
– Иә, – Жоқ,
5. Сіздің банкир болғыңыз келе ме? 5. Сіздің банкир болғыңыз келе ме?
– Иә, – Жоқ,

8. Не істегің келеді?

1. Менің шай ішкім келеді. 2. Менің ұйықтағым келеді. 3. Менің музыка тыңдағым келеді. 4. Менің ән айтқым келеді. 5. Менің демалғым келеді. 6. Менің кітап оқығым келеді. 7. Менің футбол ойнағым келеді.

9. Сенің не істегің келеді?

10. Қалау рай жұрнақтарын дұрыс қойыңыз.

1. Менің шай іш..... келеді. 2. Сенің тамақ же..... келеді. 3. Сіздің футбол ойна..... келеді. 4. Оның ұйықта..... келеді. 5. Біздің сабаққа бар..... келеді. 6. Сендердің есікті жап..... келеді. 7. Сіздердің есікті аш..... келеді. 8. Олардың сәлемдес..... келеді. 9. Менің амандас..... келеді. 10. Сенің тұр..... келеді. 11. Сіздің отыр..... келеді. 12. Оның жат..... келеді. 13. Біздің жүр..... келеді. 14. Сендердің кет..... келеді. 15. Сіздердің демал..... келеді. 16. Олардың жыла..... келеді.

11. Диалогтарды тыңдаңыз. Кім қай жерде оқитынын немесе жұмыс істейтінін айтыңыз.

а)

– Сәкен, сен қай жерде оқисың?
– Мен Алматыда университетте оқимын.

– Ғазиза, сенің сіңлің қайда оқиды?
– Ол мектепте оқиды. Ол әлі кішкентай.

– Меймет, сенің достарың қайда оқиды?
– Олар оқымайды, олар жұмыс істейді.

ә) Достарыңыздың қай жерде оқитынын сұраңыз. Олардың әнкесі, ағасы, қарындасы, інісі қайда оқиды екен?

Үлгі: – Айнұр, сенің ағаң оқи ма әлде жұмыс істей ме?
– Ол жұмыс істейді.
– Қай жерде жұмыс істейді?
– Ол университетте жұмыс істейді.

ОҚЫЛЫМ-СӨЙЛЕСІМ

12. Сіз төмендегідей диалогтарға қатыса аласыз. Өзіңізді байқап көріңіз.

– Әділет, сен оның кім екенін білесің бе?
– Білемін. Ол – біздің мұғалім.

- Оның аты-жөні кім?
- Айдар Әлімжанұлы.
- Абай, поштаның қай жерде екенін білесің бе?
- Пошта ма? Жоқ, білмеймін.
- Бақыт, бұл сенің досың ба?
- Иә.
- Ал оның мамандығы кім?
- Ол – журналист.
- Оның аты-жөні кім?
- Нұрлыбек Кенжебекұлы.
- Мынау – біздің университет.
- Сіздің ойыңызша, Айдын жақсы журналист пе?
- Менің ойымша, Айдын мықты журналист.
- Неге?
- Себебі оның мақалалары өте қызықты.

Менің ойымша,
Менің білуімше,

оның есімі – Айдын.
Айдын – журналист.
Айдын – жақсы журналист.
бұл – Астана.
Астана – әдемі қала.
бұл қала сізге ұнайды.
бүгін күн салқын.
билет 100 теңге тұрады.

- Аслан, Алматы сізге ұнай ма?
- Алматы маған ұнайды, себебі менің туған жерім.

1

, себебі

2

13. Жауабын табыңыз.

Неге?

1. Ғани жұмыс істемейді.
2. Ақбота бүгін серуендемейді.
3. Сендер футбол ойнайсыңдар.
4. Есра қазақша дұрыс түсінбейді.

Себебі...

ол – шетелдік.
бүгін ауа-райы жақсы.
қазір олар демалып жатыр.
бүгін күн салқын болып тұр.

14. Сөйлемдерді оқыңыз. Әрбір сөзге сұрақ қойыңыз.

Үлгі: Қазір мен қазақша хат жазып отырмын.

1. – Хатты кім жазып отыр?
– Мен.

2. – Не істеп отырсың?
– Жазып отырмын.

3. – Не жазып отырсың?
– Хат.

4. – Сен қазақша хат жазып отырсың ба?
– Иә, қазақша.
– Қашан жазып отырсың?
– Қазір.

Бақылау сұрақтары

1. Қалау рай қалай жасалады?
2. *-ғы, -гі* жұрнақтары қандай дыбыстардан кейін жалғанады?
3. *-қы, -кі* жұрнақтары қандай дыбыстардан кейін жалғанады?
4. Қалай райға мысалдар келтіріңіз.
5. 13-жаттығуға сүйеніп, сөйлемдер құрыңыз.

14

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *АУРУХАНАДА*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Шартты рай*

ТЫҢДАЛЫМ-ОҚЫЛЫМ

1. Төмендегі диалогты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе, дәрігер? Кіруге бола ма?
- Сәлеметсіз бе, кіріңіз. Отырыңыз. Аты-жөніңіз кім?
- Аты-жөнім – Хусейн Чатак.
- Қай факультетте оқисыз?
- Филология факультетінде оқимын.
- Қай жеріңіз ауырып тұр?
- Басым ауырып тұр. Ыстығым бар сияқты.
- Жөтел бар ма?
- Жоқ, жөтелмеймін.
- Аузыңызды ашыңыз, тамағыңызды тексерейін, одан соң қызуыңызды өлшеймін.
- Жарайды.
- Сізге суық тиген. Қазір керекті дәрілерді жазып берейін. Дәрілерді дәріханадан сатып аласыз. Күніне үш рет ішіңіз. Сізге төсекте жатып емделу керек. Бал қосқан сүт ішіңіз. Үш күннен соң маған қайта тексерілуге келіңіз.
- Рақмет, сау болыңыз.
- Сау болыңыз. Ем болсын!

2. Оқыған диалогыңызға қарап, төмендегі сөйлемдердің дұрыс болғанына «Д», бұрыс болғанына «Б» жазыңыз.

1. () Хусейннің асқазаны ауырып тұр.
2. () Хусейннің жөтелі бар.
3. () Дәрігер Хусейнге бал қосқан сүт ішіңіз деді.
4. () Хусейннің қызуы жоқ.
5. () Хусейнге суық тиді.

Дәріханада

- Сәлеметсіз бе? Сізде мына дәрілер бар ма?
- Бар.
- Маған беріңізші.
- Мінекейіңіз.
- Рақмет.
- Ем болсын! Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

ГРАММАТИКА

Шартты рай

Етістік + (са, се) +жіктік жалғау

3. Төмендегі мәтінді оқыңыз. Түсініңіз.

Әрбір адам миллиардер. Неге? Себебі, сізге құлағыңызды мың теңгеге сат десе, сатасыз ба? Көзіңізді жүз мың теңгеге сат десе, сатасыз ба? Аяғыңызды бес жүз миллион теңге сат десе, сатасыз ба? Ақылыңызды триллион теңгеге сат десе, сатасыз ба? Әрине, сатпайсыз. Себебі әрбір дене мүшеңіз барлық байлықтан қымбат. Сондықтан бізге берілген алтын қазынамыздың қадірін білуіміз керек.

(Қанат Ибрагимов. «Қазақ тілі» оқулығынан)

4. Мына сөйлемдерді оқыңыз.

1. Әрбір адам миллиардер.
2. Әрбір дене мүшесі байлықтан қымбат.
3. Алтын қазынаның қадірін білуіміз керек.

5. Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз жиі ауырасыз ба?
2. Сіз ауырғанда, қайда барасыз?
3. Сіз ауырғанда, кімге қараласыз?

6. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

Мен ауырып тұрмын → Ауруханаға барамын

Менің басым ауырып тұр → Дәріханадан дәрі аламын

Менің қызуым бар → Дәрігерді шақыртамын

- 1) Мен ауруханаға барамын/бармаймын.
- 2) Мен дәріханадан дәрі аламын/алмаймын.
- 3) Мен дәрігерді шақыртамын/шақыртпаймын.

7. Жақшаны ашып, дұрыс жалғау қосып көшіріңіз.

1. Мен анам..... (-ды, -ді, -ты, -ті) сағындым. 2. Аурухана..... (-та, -те, -да, -де) білікті дәрігер бар. 3. Аурухана.....(-ға, -ге) автобуспен барамыз. 4. Дәріханадан әртүрлі дәрілер..... (-ды, -ді, -ты, -ті) алуға болады. 5. Мен аурухана..... (-да, -де, -та, -те) отырмын.

Бақылау сұрақтары

1. Шартты рай қалай жасалады?
2. Шартты райға мысалдар келтіріңіз.
3. Бүгінгі сабақта өткен жаңа сөздерді айтыңыз.
4. 3-тапсырма бойынша досыңызға сұрақтар қойыңыз.
5. Табыс септік жалғауларын атаңыз.

15

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *ХАТ ЖАЗА АЛАМЫН*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Сөйлем*

ФОНЕТИКА

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

а) оқығым келеді – оқыдым
жазғым келеді – жаздым
білгім келеді – білдім
барғым келеді – бардым

жаттай аламын – жаттадым
пісіре аламын – пісірдім
кездесе алады – кездесті
түсіне аламын – түсіндім

ЛЕКСИКА

2. Мына кестеге қарап, үлгі бойынша сөйлемдер құрыңыз.

Үлгі:

үй

 ↔

дүкен

 → азық-түлік сатып алу

Асқар үйінде болды. Үйінен дүкенге барды. Ол азық-түлік сатып алғысы келді. Асқар дүкенге келді, азық-түлік сатып алды, сосын үйіне қатты.

жатақхана

 ↔

дәріхана

 → ақша айырбастау

аурухана

 ↔

банк

 → дәрі сатып алу

3. Сумейраның күнделігін оқыңыз. Демалыс кезінде не істегенін, қайда, қашан және не үшін барғанын айтыңыз.

Үлгі: Қазір демалыс. Дүйсенбі күні таңертең Сумейра кітапханаға барды да қазақша-түрікше сөздік алды.

	<i>таңертең</i>	<i>түс</i>	<i>кеш</i>
<i>дүйсенбі</i>	кітапхана, қазақша-түрікше сөздік	жатақхана, мақаланы аудару, Түркияға жіберу	Бассейн, жездуді жақсы көру
<i>сейсенбі</i>	елшілік, виза алу	банк, ақша алу	дүкен, сыйлық алу
<i>сәрсенбі</i>	вокзал, Астанадан досын күтіп алу	интернет, скайппен сөйлесу	Айнұрдың туған күні
<i>бейсенбі</i>	экскурс, Көктөбеге, Медеуге қыдыру	стадион, футбол ойнау	жатақхана, кешкі ас ішу, кітап оқу, ұйықтау
<i>жұма</i>	базарға бару, азық-түлік алу	үйге бару, тамақ пісіру	дүкен, тәттілер алу, құрбысының үйіне қонаққа бару
<i>сенбі</i>	саябаққа бару, қыдыру	үйге бару, түскі ас ішу	киноға бару, достарымен кездесу
<i>жексенбі</i>	моншаға бару, суға түсу	үйге бару, түскі ас ішу	кешкі ас ішу, кітап оқу, ұйықтау

4. Мәтінді оқыңыз.

Сәлеметсіздер ме, әкешім, анашым!

Мен сіздерге Қазақстаннан хат жазып отырмын.

Мен Алматыда тұратыныма, университетте оқитыныма қуаныштымын. Маған қазақ тілі өте ұнайды. Мен қазақтардың метрода, дүкенде, көшеде не айтып жатқанын аздап түсінемін. Алматыны да біле бастадым.

